

Семей қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруі туралы

Абай облысы Семей қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 890 бірлескен қаулысы және Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 32/170-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 14 қазанда № 355-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және 31-бабының 2-тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Семей қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Семей қаласы азаматтарының келесі санаттарына қалаішілік қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тегін жол жүру белгіленсін:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар адамдарға;
- 2) көру қабілеті бойынша I топтағы мүгедектігі бар адамдарға жетектеушісімен;
- 3) көру қабілеті бойынша II топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
- 4) ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге;
- 5) I топтағы мүгедектігі бар адамдарға жетектеушісімен;
- 6) II топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
- 7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- 8) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;
- 9) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға;
- 10) көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға;
- 11) мүгедектігі бар балаларға жетектеушісімен;
- 12) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға;

2. Семей қаласы жолаушыларының мынадай санаттарына қалаішілік қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тариф құнының 50 (елу) пайыз жеңілдікпен жол жүру белгіленсін:

1) 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға – тарифтің 50%;

2) 70 жастан асқан зейнеткерлерге – тарифтің 50 %.

3. "Абай облысы Семей қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен Семей қаласы әкімдігінің қаулысы мен Семей қаласы мәслихатының шешімі Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бірлескен Семей қаласы әкімдігінің қаулысын және Семей қаласы мәслихатының шешімін ресми жарияланғаннан кейін Семей қаласы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастыру.

4. Осы бірлескен Семей қаласы әкімдігінің қаулысы мен Семей қаласы мәслихатының шешімінің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Семей қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Семей қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруі туралы" Семей қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № 244 бірлескен қаулысы және Семей қалалық мәслихатының 2021 жылғы 1 ақпандағы № 3/17-VII шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8402 болып тіркелген);

2) Семей қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 345 бірлескен қаулысы және Семей қаласы мәслихатының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/21-VIII шешімі " Семей қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № 244 бірлескен қаулысына және Семей қаласы мәслихатының 2021 жылғы 1 ақпандағы № 3/17-VII шешіміне "Семей қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруі туралы" өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 61-18 болып тіркелген).

6. Осы бірлескен Семей қаласы әкімдігінің қаулысы мен Семей қаласы мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласы әкімі

Семей қаласы мәслихатының төрағасы

Н. Нурсағатов

Д. Шакаримов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК